


1
САБАҚ

ҮЙ БЮДЖЕТИ
ЖӘНЕ ОТБАСЫНДАҒЫ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ



10 сабақтың ішінде берік үй «Тұрғыз»

ҚЫМБАТТЫ ДОС!

Сіз қолыңызға халықтың қаржылай сауаттылығын арттыру жөніндегі бағдарламаның бірыңғай кітапшасын ұстап отырсыз, оны KMF өзінің барлық филиалдары мен бөлімшелерінде жүзеге асырады. Бұл бағдарламаны KMF-Демеу Қоры америкалық ACDI/VOCA ұйымының қатысуымен жасаған. Сіздерге қандай тақырыптардың қызықты және пайдалы болатынын түсіну үшін, біз клиенттердің арасында оқытуға қажеттілікті бағалау жөніндегі зерттеуді жүргіздік. Зерттеудің нәтижелері бойынша біз негізгі 10 тақырыпты анықтадық. Әр тақырып бойынша Сіздер KMF-тің қызметкерлері жүргізетін сабақтарын өтіп, осы кітапша түріндегі үлестіру материалдарын ала аласыздар. Сабақтарымыздың негізіне біз қазақстандық отбасылардың нақты мысалдарын алдық.

Біз, бағдарлама Сіздерге пайдалы идеяларды, тәсілдер мен құралдарды ұсынып, олар Сіздерге пайдасын тигізіп, отбасыларыңыздың қаржысын неғұрлым табысты басқаруға және оның әл-ауқатын арттыруға көмектеседі деп үміттенеміз.

СІЗДЕРГЕ KMF-ТІҢ КРЕДИТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН БІРГЕ КЕЛЕСІ САБАҚТАРДАН ӨТУГЕ КЕҢЕС БЕРЕМІЗ:

- | | |
|------------------|--|
| 1 САБАҚ: | Егер мен қаласам, мен бұны істей аламын: үй бюджеті және отбасындағы қаржылық жоспарлау. |
| 2 САБАҚ: | Отбасымның қаржылық есебі. |
| 3 САБАҚ: | Өмірде неше түрлі жағдайлар болады. Отбасылық әмианды күтпеген жағдайлардан қалай қорғауға болады. |
| 4 САБАҚ: | Қор жинаудың әр түрлі тәсілдерінің «оңды» және «теріс» жақтары. |
| 5 САБАҚ: | Жақсы несиені қалай таңдауыма болады? |
| 6 САБАҚ: | Несие: Проблемалардан қалай құтылуға болады? |
| 7 САБАҚ: | Келісім-шартқа қол қоймастан бұрын нені білу керек? |
| 8 САБАҚ: | Менің қарыз алушы ретіндегі құқықтарым және міндеттемелерім. |
| 9 САБАҚ: | «Қолма-қол ақшадан» «қолма-қол ақшасыз» есептесуге – төлемдерді жүзеге асырудың нұсқалары. |
| 10 САБАҚ: | Сақтандыру: ол маған керек пе? |

Сіздерге бақыт және өркендеуді тілейміз!
Құрметпен, «KMF-Демеу» Қоры.

ТАБЫСТАР МЕН ШЫҒЫСТАРДЫ ЖОСПАРЛАУ – БҰЛ ҚАРЖЫЛАЙ ТАБЫСҚА ЖЕТУДІҢ НЕГІЗІ!!!


Үйдің бюджеті – бұл біздің жалпы табыстарымыз бен шығыстарымызды қамтитын отбасының қаржылық жоспары.

Бюджеттің негізгі міндеті – бұл ақша қаражатын дұрыс бөлу.

Бюджет – пайдалы құрал, оның көмегімен біз:

- ◆ өзіміздің қаржылық жағдайымызды дәл бақылап;
- ◆ жұмсалған қаражат пен жинақ ақша жөнінде саналы шешім қабылдай аламыз;
- ◆ қажетсіз шығындарға жол бермейміз;
- ◆ қаржылық мақсаттарына тез жете аламыз, мысалы: пәтер мен автокөлікті сатып аламыз, шетелге демалысқа шығамыз.

Бюджетпен тек апта, ай (тіпті жыл) ішіндегі табыстар мен шығыстардың жоспарын жасап қоймай, сонымен бірге жоспарларымыздың орындалуын көрнекі түрде бақылап, бюджет бойынша болжамдарды жасап және т.б. көптеген әрекеттерді орындай аламыз!



**БЮДЖЕТТІ ЖАСАУ – КҮРДЕЛІ АМАЛ ЕМЕС!
ОЛ ЭКОНОМИКАЛЫҚ НЕМЕСЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ
БІЛІМДІ ТАЛАП ЕТПЕЙДІ!**

Кез келген адам отбасының бюджетін жүргізе алады, тек оның тиімділігіне көз жеткізіп, байқап көру керек. Бір айдан кейін Сіз өз көзіңізбен бюджеттің ақшаны тиімдірек басқаруға көмектесетініне күә боласыз.

НҰРЛАН МЕН ӘЛИЯНЫҢ ОТБАСЫНЫҢ ТАРИХЫН ҚАРАСТЫРАЙЫҚ.


Нұрлан базарда құрылыс материалдарымен сауда жасайды; Әлия – жекеменшік мектепте биология пәнінің мұғалімі. Олар өз үйінде Әлияның анасымен және үш баласымен бірге тұрады. Олардың ортақ отбасылық қоры Әлияның әжептәуір жалақысы, Нұрланның маусымға тым тәуелді табысы және әжейдің зейнетақысымен толығады. Әлия жалақысын және әжей зейнетақысын айдың әр түрлі күндерінде алады, ал Нұрлан кейде ақшаны бизнеске жұмсап, тауарларды тиімді бағамен сатып алуға тура келеді. Өкінішке орай, бұл болжап болмайтын кезде жүзеге асады, және ол уақытта Нұрланның ақшасына сенуге болмайды.

Қаржылық жағынан алғанда **отбасы жеткілікті түрде ауқатты**, бірақ бір жаман жері: үнемі қарызға ақша алуға тура келеді. **Ақшаның қайда кететіні белгісіз**, артық ештеңе сатып алынбайтын сияқты. Біресе кезекті жалақыға дейін азық-түлікке және басқа да күнделікті шығыстарға жетпей қалады, біресе Нұрланның базарда кенеттен шығындар пайда болып, сонымен бірге клиенттері де есеп айырысқан жоқ, біресе әжесі ауруханаға түсіп қалады және қымбат дәрілерге ақша жұмсауға тура келді. Ал жақында туыстан тойға шақыру қағазы келді, **тағы да шығындалу керек**. Бұл күтпеген оқиға емес болатын, той туралы көптен айтылып жүрген, бірақ оны ойластырмай ақшаны алдын ала сақтап қоймапты. Тойға лайықты сыйлық тарту және сәнді киім сатып алу үшін, **тағы да ақшаны қарызға алуға тура келеді**. Осыған байланысты, көптен бері жоспарланып жүрген жаңа терезелерді орнатудың мәселесі, тағы да кейінге қалатын болды.




БҰЛ ТАРИХТАН БІЗ НҰРЛАН МЕН ӘЛИЯНЫҢ ОТБАСЫНДА КЕЙБІР ПРОБЛЕМАЛАРДЫҢ БАР ЕКЕНІН КӨРІП ОТЫРМЫЗ:

- ◆ Отбасы келесі айда табыстың қанша болатынын және қанша қаражат жұмсай алатынын білмейді;
- ◆ Отбасында шығындардың жоспары жоқ және өз шығыстарын бақылауда ұстамайды;
- ◆ Отбасы кездейсоқ сатып алуларға ұқыпсыз қарайды, мүмкін, көп ақша жоспарланбаған және қажетсіз шығындарға жұмсалады;
- ◆ Отбасы күтпеген жағдайларға дайын емес;
- ◆ Отбасы елеулі шығындармен байланысты қаржылық мақсаттарды жоспарламайды, және осыған орай ағымдағы шығындарға байланысты қаржылық мақсаттарға қаржы бөлуге шамасы келмейді.



Пайдалы кеңестер:



НҰРЛАН МЕН ӘЛИЯНЫҢ ОТБАСЫНА ҚАНДАЙ КЕҢЕС БЕРЕ АЛАМЫЗ?

- ◆ Отбасының бюджетін жасап және оның орындалуын бақылау.
- ◆ Күнделікті, әсіресе, жоспарланбаған шығыстарды қадағалап отыру.
- ◆ «Ақша ұрлаушылармен», яғни отбасы оларды сатып алмай да өмір сүре алатын сатып алулармен күресу.
- ◆ Жоспарланбаған оқиғаларға «Жұмсалмайтын Қор» (ЖҚ) құрып және оны белгілі бір, орта есеппен айына күтпеген шығындарға жұмсайтын сомаға дейін толтырып отыру.
- ◆ Табыстарды шығындармен салыстырып, отбасының ай сайын жинай алатын сомасын бөліп алу
- ◆ Қаржылық мақсаттарды белгілеу, оларды жинақ ақшаның мүмкіндіктерімен және оларға жетудің мерзімдерімен ара қатысын анықтау керек.

**НҰРЛАНЫҢ ОТБАСЫНА КЕЛЕСІ ҮЛГІ КӨМЕКТЕСЕДІ,
СІЗ ДЕ ОСЫ БОЙЫНША ӨЗ БЮДЖЕТИҢІЗДІ ЖАСАП КӨРІҢІЗ.**

ОТБАСЫНЫҢ БЮДЖЕТІ		
А	Табыстары:	Сомасы
	Бизнестен түскен табыс	
	Жалақы	
	Зейнетақы	
	Жинақ ақша бойынша пайыздардан түскен табыс	
	Ақша аударымдары	
	Жалға беруден алынған табыстар	
	Басқа табыстары	
	Жиыны:	
Б	Шығындары:	Сомасы
1	Отбасының қажетті шығындары:	
	Тамақ	
	Коммуналдық төлемдер	
	Көліктік шығындары	
	Оқуға төленетін төлемдер	
	Медицина қызметтеріне жұмсалатын шығындар	
	Тұрмыстық химия	
	Басқалары	
	Жұмсалмайтын қор	
	Жиыны:	
2	Бизнеске қажет шығындар:	
	Тауарды/шикізат сатып алу	
	Көлік	
	Басқалары	
	Жиыны:	
3	Қарызды өтеуге арналған шығындар:	
	Қарызды төлеу	
	Тауарлық несие	
	Жиыны:	
4	Ойын-сауыққа жұмсалатын шығындар:	
	Жиыны:	
Б	Жалпы шығындар (1+2+3+4)	
В	Жинақ ақша (А-Б)	

ҮЙ БЮДЖЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ


Бюджет дұрыс болуы үшін, біз Табыстардың көздерін және Шығыстардың баптарын бөлуіміз керек.

ОТБАСЫНЫҢ ТАБЫСТАРЫ:

- ◆ жалақы, зейнетақы, сияқты тұрақты табыс;
- ◆ мерзімді - сыйлықақы, бір реттік табыс;
- ◆ маусымдық табыс;
- ◆ уақытша табыс.

ОТБАСЫНЫҢ ШЫҒЫНДАРЫ:

- ◆ тұрақты шығындар (азық-түлік, шаруашылық тауарлары, коммуналдық шығындар, жолақысы, оқу және т.б.);
- ◆ бизнеске жұмсалатын шығындар (тауарлар, жалдау және т.б.);
- ◆ жоспарланған отбасылық іс-шараларға жұмсалатын шығындар;
- ◆ болжанбаған шығындар;
- ◆ несиелік төлемдер.



ҚАРЖЫЛЫҚ МАҚСАТТАРДЫ ҚОЮ


Қаржылық мақсаттар деп отбасындағы үлкен шығындармен байланысты кез келген оқиғаларды айтамыз.

Мақсаттар әр түрлі болуы мүмкін, кейбіреулері қысқа мерзімді және тез қол жеткізе алатын, кейбіреулері ұзақ мерзімді болады.

Мақсаттарыңызды анықтағаннан кейін - олардың әрқайсына жұмсалатын шығындарды анықтап, оған қол жеткізетін мерзімін белгілеңіз. Әр мақсатқа жету үшін айына қанша соманы жинай алатыныңызды бағалаңыз. Бұл – барлық отбасының жалпы табысынан, барлық шығындарды шегергеннен кейін қалатын сома. Мақсаттарға жету үшін жеткілікті болатын соманы қанша мерзімнің ішінде жинай алатыныңызды есептеп шығарыңыз.

Қаржылық мақсаттарды қою үшін:

1. Қандай соманың керек екенін білу керек;
2. Мақсаттың мерзімін білу керек;
3. Ай сайын белгілі бір соманы жинап отыру қажет.



**ҚАРЖЫЛЫҚ МАҚСАТТАРДЫ ЖОСПАРЛАУ ҮШІН
БІЗГЕ КЕЛЕСІ КЕСТЕ ПАЙДАЛЫ, ОҒАН БІЗ ӨЗІМІЗДІҢ
ҚАРЖЫЛЫҚ МАҚСАТТАРЫМЫЗДЫ ЖАЗАМЫЗ**

<i>Мақсаты</i>	<i>Қажетті сома</i>	<i>Мерзімі</i>	<i>Жинақтау мүмкіндігі</i>
Мысалы: Жаңа жиһазды сатып алу	300 000 теңге	10 ай	Ай сайын 30 000 теңгеден




АЙЫНА ҚАНША СОМАНЫ ЖИНАЙ АЛАТЫНЫҒЫЗДЫ БАҒАЛАУ ҮШІН, ОТБАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТАБЫСЫНАН БАРЛЫҚ ШЫҒЫНДАРДЫ ШЕГЕРГЕННЕН KEЙІН ҚАНША СОМА ҚАЛАТЫНЫН БІЛІҢІЗ.



БЮДЖЕТТІ ЖҮРГІЗГЕН КЕЗДЕ ОТБАСЫ, ӘДЕТТЕ, ӨЗ ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ КЕМ ДЕГЕНДЕ 10%-ЫН ҮНЕМДЕЙ АЛАДЫ, ӨЙТКЕНІ, ЕГЕР ШЫҒЫНДАРДЫ ЖОСПАРЛАМАСА, МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ПАЙДА БОЛАТЫН АРТЫҚ ШЫҒЫНДАРДЫ КӨРЕДІ.





*Мақсаттарымыз шындыққа
айналуы үшін қаржылық жоспарлаудың
қарапайым ережелерін ұстану қажет:*

- 1.** Әр ай сайын бюджетті құрастырып, оны қатаң қадағалаңыз;
- 2.** Шығындардың есебін жүргізіңіз;
- 3.** Шығындарды талдаңыз, әсіресе болған шығындар жоспарланған шығындардан асып кеткен жағдайда;
- 4.** Барлық шығындардан кейін қалған соманы емес, өзіңіз бюджетте жоспарлаған соманы сақтауға қалдырыңыз;
- 5.** Міндетті түрде жұмсалмайтын қор ұйымдастырыңыз, ол – күтпеген жағдайлар туындаған кезде, отбасылық шығындарға қаржылық қысымын жеңілдетеді;
- 6.** Қаржылық мақсаттарыңызды дұрыс жоспарлаңыз: Сізге қажет болатын сомасын, оның мерзімін және жинақтау мүмкіндіктеріңізді біліп отырыңыз;
- 7.** Өзіңіздің қаржылық мақсаттарыңызды олардың басымдылығы мен іске асыра алу мүмкіндігі бойынша қайта қарастырыңыз;
- 8.** Табанды болыңыз, өз өміріңізді бүгінгі күннен бастап жоспарлай бастаңыз!


Белгілеп алу үшін

A large grid for marking, consisting of 15 columns and 20 rows. The top border is decorated with 15 metal fasteners. The grid is intended for marking or recording data.

Белгілеп алу үшін

A grid for budgeting with a spiral binding at the top. The grid consists of 15 columns and 20 rows. The top row is a header row, and the remaining 19 rows are for data entry. The spiral binding is located at the top of the page, and the grid is positioned below it.

Белгілеп алу үшін



The page features a large grid for marking, consisting of 15 columns and 25 rows. The top edge of the grid is decorated with a horizontal line and 15 metal fasteners, resembling a spiral binding. The grid is intended for marking or recording data.

КМФ – ЖОБА КЕҢЕСШІСІ ТУРАЛЫ

КМФ Орталық Азиядағы, Кавказ, ТМД елдері мен Шығыс Еуропадағы микроқаржыландыру саласының көшбасшыларының бірі болып табылады. Компания өз қызметін 1997 жылдан бастады.

КМФ-тің негізгі бағыты – өз клиенттеріне топтық және жеке кредиттерді келесі қызмет түрлері үшін беру: бизнес, сауда, диқаншылық, мал шаруашылығы, өндіріс, қызмет көрсету, сондай-ақ, тұтынушылық кредиттендіру.

Бүгінгі күні «КМФ» МҚҰ 130 000-нан аса клиенттері бар және өзінің қызмет ету тарихында 200 мыңнан астам кредит беріп үлгерген Қазақстандағы ең ірі микроқаржыландыру ұйымы болып табылады (2015 жылғы 1 наурыздағы мәлімет).

Республикамыздың ірі қалалары мен ауылдарында орналасқан КМФ-тің 18 филиалы мен 75-тен астам бөлімшелерден тұратын кең аймақтық желісі бар. Жалпы алғанда, аталмыш бөлімшелер арқылы 3500-ге жуық шалғайдағы елді мекен тұрғындары микроқаржыландыру қызметіне қол жеткізіп отыр.

Компания өз клиенттерімен сенім, сыйластық пен түсіністікке негізделген, ұзақ мерзімді серіктестікке құрылған бағытты ұстанады. КМФ 18 жылғы қаржылық қолдауының арқасында 200 мыңға жуық қазақстандық өз кәсібін ашуға, оны кеңейтуге, тұрмысын жақсартып, балаларына сапалы білім беруге мүмкіндік алды.


КМФ-тің әлеуметтік жауапкершілікке негізделіп құрылғандығы және сол бағытты ұстанатындағы аса маңызды болып табылады. Компания өз тұтынушыларына кредиттендірудің қосымша шарттары мен қызмет көрсету жағдайын жақсарту мақсатында тұрақты түрде жұмыс жүргізеді, оның ішінде қаржылық емес қызметтер де бар. 2013 жылдың желтоқсан айынан бастап, «КМФ-Демеу» корпоративті қорымен бірлескен, халықты Қаржылық сауаттылыққа тегін оқыту – қаржылық емес өнімі іске қосылды. КМФ-тің әлеуметтік міндеті – сапалы қызмет көрсете отырып, тұтынушыға қаржылық сауаттылықтан мейлінше хабардар болуына үйрету.

Сенім білдіргендеріңізге рахмет!









ЖОБА БАСТАМАШЫСЫ:

«КМФ-Демеу» Корпоративтік қоры,
8 (727) 250 68 77, 250 68 78, факс: 250 68 76

Жоба кеңесшілері - «КМФ» МҚҰ құрылымдық бөлімшелері:

АҚТӨБЕ

Ағайынды Жұбановтар көш., 285 «Д», 8 (7132) 55 43 42, 55 40 21

АЛМАТЫ

Розыбакиев көш., 45 Г, 8 (727) 374 20 53
Қалдаяқов көш., 30, 8 (727) 266 83 51, 266 83 52

АСТАНА

Абай көш., 75, 8 (7172) 55 93 27, 55 93 28, 55 93 29

ҚАРАҒАНДЫ

Н. Әбдіров көш., 25, 8 (7212) 42 51 33, 41 27 56

ҚОСТАНАЙ

Баймағамбетов көш., 201, 8 (7142) 59 32 47, 59 32 48

КӨКШЕТАУ

Әуелбеков көш., 62, 8 (7162) 26 92 82, 26 46 05

ҚЫЗЫЛОРДА

Желтоқсан көш., 9 Д, «Ер Ару» т/к, 8 (7242) 26 38 47

ПАВЛОДАР

Ак. Бектұров көш., 66, 8 (7182) 59 36 96, 59 36 97

ПЕТРОПАВЛ

Букетов көш., 16, 8 (7152) 46 38 45, 46 38 53

СЕМЕЙ

Б. Момышұлы көш., 31/33, 8 (7222) 56 11 05

ТАЛДЫҚОРҒАН

Абай көш., 245, 8 (7282) 27 03 51, 27 15 47

ТАРАЗ

Байзақ батыр көш., 187, 8 (7262) 46 80 71, 46 80 72

ТҮРКИСТАН

С. Ерубаяев көш., 249 А, 8 (72533) 4 33 41, 4 33 32

ОРАЛ

Сарайшық көш., 89/1, 8 (7112) 26 75 23, 26 75 54

ӨСКЕМЕН

30-Гвардиялық дивизия, 24/1, 8 (7232) 61 51 26, 61 51 27

ШЫМКЕНТ

Теле би көш., 27 А, 8 (7252) 53 52 99, 53 55 05, 54 51 77

Ж. Тыныбаев көш., 28 А-Б, 8 (7252) 39 30 71, 39 30 70

Кітапшаның электронды нұсқасын www.kmf.kz сайттағы
«Қаржылық сауаттылық» бөлімінен алуға болады.